

Алмас Қылыш

2-БӨЛІМ

ІЛИЯС ЕСЕНБЕРЛИН (1915-1983)



Ілияс Есенберлин 1915 жылы Ақмола облысындағы Атбасар қаласында туған. 1940 жылы Қазақ тау-кен институтын бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Соғыстан кейінгі жылдарда филармонияны, "Жазушы" баспасын басқарады, т.б. жұмыстар атқарады. Жазушы Алматыда дүниесалды. Қазақ әдебиетінде І. Есенберлин- жазған романдарының саны ең көп аса көрнекті жазушылардың бірі. Жазушы "Айқас" (1967), "Ғашықтар" (1968), "Алтын құс" (1971), "Көлеңкемен қорғай жүр" (1974), "Маңғыстау майданы" (1978), "Аманат" (1978), т.б. романдарымен оқырман назарын өзіне аударды.

Тарихи романдары. Есенберлиннің нағыз жазушылық орнын белгілеген шығармалары — "Қаһар", "Алмас қылыш", "Жанталас" атты тарихи романдары.

Тарихи романдар деп өткен тарихтың маңызды оқиғаларын қайта жаңғыртып, оларды көркем түрде баяндайтын романдарды айтады. Жазушылар тарихи романда тарихты жаңғыртумен шектеліп қоймай, адамгершілік, психологиялық, мәдени мәселелерді біртұтас көтеруге көңіл бөледі.

Қазақстан республикасы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақ әдебиетінің тарихында бүгінге дейін ең көп роман (17) жазған жазушы І. Есенберлиннің қаламынан туған "Айқас", "Ғашықтар", "Қатерлі өткел", "Алтын құс", "Маңғыстау майданы", "Алтын аттар оянады", "Көлеңкемен қорғай жүр", "Алыстағы арпалыс", "Аққу құстар қуанышы", "Махаббат мейрамы", т.б. романдары тың тақырыпта жазылып, қазақ әдебиетінде оған дейін мүлде көтерілмеген мәселелерді қозғаған, соны серпін әкелген, оқырман сүйіспеншілігіне бөленген туындылар еді.



Ілияс ЕСЕНБЕРЛИН

Алмас қылыш

КӨШПЕНДІЛЕР

Сығандық

FOLIANT

КЕЙІПКЕРЛЕРІ: КЕРЕЙ, ЖӘНІБЕК,
Бұрыңдық, Қасым, Әбілхайыр,
Шахбұдақ, Шахмухамбед, Әдік,



Бұл бөлімде Керей мен жәнібек
Әбілхайырдың қол астындағы
наразы руларды жинап өз
бетінше ел құруға шешім
қабылдайды. Көшіп баратын жер
іздеп, Есенбұғадан көмек
сұрайды. Мағолстан ханы
Есенбұғаға елші жіберіп жер
беруін өтінеді. Мағолстан ханы
мен қазақ сұлтандары өзара

АЛМАС ҚЫЛЫШ

- ▶ **Алмас қылыш** (көне.) - болаттың ең асылынан соғылған қылыш. Бұрынғы қазақ батырлары асынған бес қарудың бірі. Қылыш түрлеріне: бір жүзді және екі жүзді, тура және иілген түрлері жатады. Алмас қылыш тың еткір болу себебі суару тәсілінде және болатты салқын соғуында екені батырлар жырларында айтылады. ^[1]

АЛМАС ҚЫЛЫШ РОМАН

- ▶ «Алмас қылыш» романындағы алғашқы тарихилық жаққа оның уақыт пен кеңістік ұғымдарын нақтылауы дер едім. Кітаптағы оқиғалардың басым бөлігі XV ғасырдың орта тұсынан XVI ғасырдың алғашқы он жылдығы аралығында қазіргі Қазақстан немесе бұрынғы Шығыс Дешті Қыпшақ жерінде және Шығыс Түркістан мен Мауереннахр аумақтарында өтеді. Кей тұстарда автор тарихи шегіністер жасай отыра, XIII –XIV ғасырлардағы Шыңғыс хан, Жошы хан, Бату хан, Үгедей хан, Күйік хан, Өзбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хандарға қатысты оқиғаларды қосымша түрде баяндап өтеді. Сөйтіп, романның мазмұнындағы уақыт пен кеңістік ұғымдары өте дәл көрсетіледі. «Алмас қылышта» баяндалған, суреттелген уақыт шеңбері Қазақстан тарихындағы аса маңызды кезеңдердің бірі - Қазақ хандығының құрылуы мен күшеюі аралығына сай келеді.

ТАРИХЫ

- ▶ I. Есеберлиннің тарихи тақырыпқа арналған туындысының ең құнды жері оның деректік негізінде жатыр. Автор сол жылдардағы тарих ғылымына белгілі және орыс, қазақ тілдерінде ғылыми айналымға түсірілген барлық жазба дерек мәліметтері мен қазақ халқының ауыз әдебиетінің материалдарын шебер пайдаланған. Ең бастысы, «Алмас қылыш» авторы XIII-XVI ғасырлардағы Қазақстан тарихының этно-саяси тарихына қатысты сол кезеңдегі ең озық деп саналған тарихи ойтұжырымдарды да пайдаланады. Ал оған қол жеткізу үшін қаншама монография, қаншама мақалалар мен жинақтар қаралды, талданды десеңізші!